



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Венгрияда өндірісті реттеумен айналысты. «Дэу Электроникс» (Daewoo Electronics) 1994 жылдың өзінде зауытты Франциядан Польшаға (Варшава) көшірді.

Сонымен, Оңтүстік Кореяның экономикалық ғажайыбының негізгі құпияларына тоқталатын болсақ, жетістіктің басты құрамдас бөліктері:

– Экономиканы қатаң мемлекеттік басқару. Мемлекеттік жоспарлау. Көлік пен банк үйесін ұлттандыру.

– Ірі өндірістік топтарға көңіл бөлу. Бұл топтар жекешелендірудің негізінде пайда болмай, басынан бастап құрылады.

– АҚШ-пен достастық негізінде қалыптасқан қарым-қатынас. Бұл жерде ұлы державалардың геосаяси мүдделерінің қиылысуы негізінде шетел капиталдарының легі ақты.

Алайда, Оңтүстік Кореяның қазіргі кездегі өнеркәсібі дағдарыс күйінде. Экономиканың даму жолындағы негізгі кедергілер – қатаң экономикалық жоспарлау, мемлекеттің орта және шағын кәсіпкерлікті емес, чебольдерді (ірі қаржы-өнеркәсіп топтары) қолдауы, бизнестің барлық салаларының қатаң бақылауға алынуы, сыртқы саудағы протекционизм. Республика экономиканың барлық салаларын құрылымдық қайта құруды қажет етеді. Мемлекеттің алдағы дамуының негізгі бағыты орта және шағын бизнесті қолдауға бағытталған экономикалық модель қалыптастыру болып табылады.

2017 жылғы сайлауға дейін Мун Чжэ Ин орта және шағын компанияларын, жаңа жұмыс орындарын қолдау мақсатымен 10 трлн вона бөлуге уәде берген болатын. Сонымен қатар, ол чебольдерді сынға алып, олардың корей бизнесінде үстемді орын алуына наразылығын білдірді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Иргебаев В.Д., Осипов В.И. Южная Корея // У политической карты мира. М., 1990. 5-б.
2. Син Хён Хвак. Южная Корея: нелегкий путь к процветанию // Проблемы Дальнего Востока. 1990. №5. 19-б.
3. М.А. Мореходов – Южная Корея: Секреты успеха 50 лет реформ, которые преобразили страну, Азия и Африка сегодня № 1 2012 – 18-23б.
4. Soviet Policy in East Asia. NewHaven – London, 1982 - 12 б.
5. Шин А. Роль государства во время перемен. 8-б.

ӘОЖ 323.173(516)

ШЫҢЖАҢ ҰЙҒЫР АВТОНОМИЯЛЫҚ АУМАҒЫНДАҒЫ СЕПАРАТИЗМ

Ускембаева Малика Төлегенқызы

m.tolegenkyzy705@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Халқаралық қатынастар факультеті
Аймақтану мамандығының II курс студенті

(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ, Қазақстан)

Ғылыми жетекші - Ж.Е. Нурбаев

XXI ғасырда өзінің әлемдік аренадағы экономикасының қарқынды дамуымен көзге түсетін ҚХР, өзінің ішкі аймақтарындағы қиын мәселе топтарының да жағдайы қарастырылады. ШҰАА-дағы ұйғырлар мәселесінің қазіргі кезде өзекті болуының себебі:

- Қытайдағы этникалық аз ұлттар мен ханьдықтар арасындағы қақтығыстар;

- Болып жатқан сепаратистік актілерді Ұйғыр лаңкестік бағытта дамуы, соның нәтижесін ҚХР-да туындайтын проблемалар;

- Сепаратистердің тәуелсіздікті алу мақсатында барлық жолмен алу саясаттары және сепаратистердің террорлық актілерге бару ;

-аталған себептердің барлығын біріктіріп қарасақ, осы себептердің ҚХР-ның қауіпсіздігіне сонымен қатар біртұтастығына, мемлекеттілігіне үлкен қауіп төндіруде.

ҚХР –ң ШҰАА –ғы орын алған сепартизмді зерттеудің маңыздылығы – ол Орталық Азия немесе Қазақстанға қауіп төндіруші бірден-бір фактор болып табылады. Өйткені Шыңжаң өлкесі біздің аймақпен орналасу жағынан немесе тарихи-эникалық, діни-мәдениеттік байланысы зор. Бұл мәселені зерттеуде қазақстандық синолог Константин Сыроежкиннің 2003 жылы жарық көрген “Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии” атты кітабы маңызды орын алады. Бүгінгі таңда Шыңжаңдағы сепартизм толқулар мәселесі жыл өткен сайын жандана түсуде. Оның есебіне, ҚХР басшылығының пайымдауынша, осы сепартизм Шыңжаңдағы бірлікке әсер ететін негізгі қатер болып табылады. Ең басты жағдаяттарды ескерсек осы Шыңжаңдағы ұйғырлардың осындай әрекетерге бару себептері келесідей:

1. Шыңжаң автономиясының халқының басым бөлігі ұйғырларды құрайды. Мысалы, Константин Сыроежкиннің мәліметтерін ала отырып 2012 жылдың соңына қарай аймақта тіркелген 22,34 млн адамның 10,55 млн-ы ұйғырларды құраған құрайды. Сонымен қатар ұйғырларды балалар тууын жасыру орын алғандықтан оларды бірнеше миллионға артық деп тұжырымдама жасайды. Шыны керек, ұйғырлар мекендейтін Оңтүстік Синьцзянның аудандарында егер нақты статистика бойынша ұйғырлар саны 15,51 млн-ды құраса, қытай үкіметі 10,55 деп жазады..

2. ШҰАА-ғы сепартистік ұйымдарының негізгі мақсаты тәуелсіз мемлекет құруға бағытталған. Мысалы, «Шығыс Түркістан» немесе «Ұйғырстан».

3. ШҰАА дін мәселесі. Ұйғырлар арасында дін мен ислам дәстүрінің ықпалы күшті болуына байланысты. Бұл яғни Синьзян аумағында «Шығыс Түркістан Ислам Республикасын» құру мақсатын қойған діни негіздегі сепартизм қозғалысына жағдай жасайды [1].

Ұйғырлар тарапынан болып жатқан сепартистік әрекеттердің нәтижесі қауіп қатерге әкелуде, сондықтан ҚХР ұстанған саясаты осы сепартистік актілер кезінде өздерінің ұйғырларға қарсы позициялық ұстанымдарын өзгертеді. Осыған байланысты Қытай осы талаптарды қоя отырып сепартизммен қазіргі уақытта күресуде. Ең алдымен Қытай үкіметі ұйғыр этникасының демографиялық өсіміне көңіл бөлді. Олар тууды шектеді, яғни саны аз ұлт өкілдеріне қалада 2, ауылда 3 балалы болуды талап етеді, ал 2004 жылы құрылған Бүкіләлемдік ұйғыр конгрессінің басшысы диссидент Рабия Кадыр он бір баланың анасы.

Тағы бір шектеулердің бірі - дін мәселесі бойынша. Діни қызмет бостандығының шектелуі. Яғни, қытай түсінігі бойынша ислам дінін ұстанушылар ислам дінін таратушы және діни лаңкестік әрекеттерге итермелеуші ретінде түсіндіріледі. Осыған орай Шыңжаң аумағындағы діни ұйымдар қызметі толықтай Қытай үкіметінің заң ережелеріне сәйкес қатаң бақылауда.

Келесі шектеу –Қытайдың ішкі жұмыстарына ұйғыр жастарын тарту. Бұл қазіргі таңдағы негізгі мәселелердің бірі, өйткені ұйғыр жастарына өз аймағында жұмыссыздық кең өріс алғандықтан олар Қытайдың ішкі жұмыстарына баруға мәжбүр.

Ұйғыр балаларына мектепте сабақтың қытай тілінде жүргізілуі. Аз ұлттардың мамандық бойынша дәрежесінің өсуіндегі шектеулер. Басты салдары қытай тілін нашар білуі.

СҰАР-дың шикізат қорын Қытайдың өзге аймақтарына тасымалдау. Мысалға алатын болсақ Шыңжаң аймағында жергілікті бюджеттің табыс көзіне қарағанда шығыс бөлігі екі есе мөлшерді көп құрайды.

2017 жылдың сәуірінде Қытай билігі тарапынан ШҰАА азаматтарына бағытталған жаңа шектеу актілерін жария етті. 10 млн астам ислам халқы тұратын бұл өңірде аталмыш іс-шараны қолдану мақсаты діни экстремизмнің алдын алу болып табылады. Жаңадан тыйым салынған шектеулер сақал өсіру, қоғамдық орындарда хиджабпен жүру болып табылады. Және де:

- Ұйғыр балаларын мемлекеттік мектептерде оқуына шектеу қою;

- Діни идеологиядағы әртүрлі ақпараттарды таратуға шығару, таратуға тыйым салынады;

-Мемлекеттік қызметтерде алуды шектеу (БАҚ-ты қолдануына тыйым салу);

Аталмыш актіні Шыңжаңның билік өкілдері бірауыздан мойындап, ресми сайтына жария етті. Шектеулер 01.04.2017 жылдан бастап күшіне енеді [2].

Лаңкестік актілермен мемлекет тек қана күресуге ғана емес, оларға қол жетімді барлық құралдарды қолдану. Және бұл жағдайда «Синьцзяннан тәуелсіз ұлттық тәуелсіздікке» жету қажеттілігі мүлдем орынсыз.

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы Азияның екі көрші елі болып табылады, қазіргі уақытта қарқынды даму жолында. Тарихи достық байланыстардың аясында, соның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында, елдер арасындағы әріптестік қарым-қатынастарда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді, бірақ көптеген маңызды проблемалар бар, олардың бірі - қауіпсіздік мәселесі.

Қазақстан-Қытай қатынастарындағы ең өзекті мәселелердің бірі - ұйғыр сепаратизмі. Екіжақты келіссөздерде де «сепаратизм» сөзі 1995 жылы Бірлескен Декларацияда алғаш рет пайда болды және 1993 жылғы Декларацияда «Халықаралық лаңкестік, ұйымдасқан қылмыс, есірткі саудасы, контрабанда және басқа да қылмыстық әрекеттерге қарсы күресте тараптар ынтымақтасатын болады» делінген. Қазіргі уақытта батыс және шығыс аймақтарындағы ұйғырдық қарсылықтың негізгі идеологиясы - пан-түркілік, осы идеологияны ұстау арқылы Құлжа және оның айналасындағы аудандардың тұрғындарында Қазақстан мен Орталық Азиядан жақтастары болып отыр. Ғалымдардың пікірінше, пан-түрік идеологиясы өте табысты таңдалды деп есептейді. ШҰАА-ның солтүстік бөлігін негізінен қазақтар мекендейді, ал басқа өңірлерде түркітәлді халықтардың үлесі хан халқының тұрғындарынан асып түседі, бұл тұрғындарды жергілікті тұрғындардан қана емес, сондай-ақ Синьцзянмен шектесетін ұйғыр диаспорасының шағын елді мекендерінен де жұмылдыруға мүмкіндік береді [2].

«1984 жылы біріккен ұйғыр патриоттары Шығыс Түркістанның Ұлттық революциялық фронтының (NRFWT) жаңа ұйымын құрды. Ұйымның негізгі мақсаты болып Орталық Азия елдеріндегі ұйғырлар-эмигранттарының патриоттық рухын оятуға бағытталған. Осы ұйымның күшті белсенділері мен жақтаушылары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан. [3]

Қазақстан Республикасының территориясында басқа да ұйғыр ұйымдары бар, олар: Ұйғырлардың Бостандық ұйымы, Ашир Вахидим бастаған, сондай-ақ К.Гожамбердиевтің басшылығымен Ұйғырлар арасындағы Республикалық бірлестік ұйымы. [4] Бұл ұйымдардың Қазақстанға ұсынатын негізгі қауіпі - жергілікті ультра-рационалистік және ұлттық-патриоттық бірлестіктерді өз тараптарына тартуы, себебі олар жарияланған пан-түркі идеясы қазіргі уақытта республика аумағында өз өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтпады.

Е.М. Абен и Е.Т. Карин өз «ҚХР ШҰАА-дағы және Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік мәселесіндегі ұлттық-сепаратистік үрдістер» атты мақалаларында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне сілтеме жасай отырып, осындай ескерту жазған: «Ұйғырлардың сепаратистік ұйымдардың негізгі мақсаты республикадағы әртүрлі митингілер мен саяси әрекеттерге бару себебі - тәуелсіз ұйғыр мемлекетін тек ШҰАА аумағында ғана емес, Жетісуда (Қазақстан) қайта құру»-деп жазған [5].

Шынында да, мұндай ұйғырлар белсенділерінің өз қатері бар, өйткені бұл ұйымдардың кейбір жетекшілері Қазақстанның аумағында ұйғыр автономиясын құру идеясын дәйекті түрде қолдайды. Тіпті кеңес дәуірінде КС КП хатшысы (б) Шаяхметов Қ.Ж. өзінің хатында «Қазақ КСР-Ұйғыр автономиялық өлкесінің бөлігі ретінде» Патоличев .Н.С –қа «КП ОК (б) Қазақ КСР құрамында Ұйғыр автономиялық құру және оған Панфилов және Октябрь аудандарын, Талдықорған облысын қоса отырып, осы облыстың Шелек, Еңбекші аудандарын, Ұйғыр Нарынкөл, Алматы облысының Кеген ауданын қосу жоспарланған. Және Облыс орталығы ретін Панфилов қаласын (Жаркент қ.) ету» -деп жазған болатын. [3].

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында 1996 жылғы және 1997 жылғы қаңтарда саяси қатынастар саласындағы ұстанымдар, атап айтқанда, ұлттық сепаратизмге қатынасы бар Бірлескен Декларацияларға бірқатар құжаттарға қол қойылды. 1996 жылғы бірлескен декларацияда тараптар кез-келген түрде ұлттық сепаратизмге қарсылық білдіріп, өз аумағында кез-келген ұйымды және басқа жаққа қарсы бағытталған сепаратистік қызметтің күштерін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді деп келісімге қол қойылған. [4; 90 б.]

1997 ж. Декларация тараптарында «әртүрлі ұлттық сепаратизмге қарсылық көрсетіп, олардың аумағында кез-келген ұйымдар мен күштердің екінші тарапқа бағытталған бағытталған әрекеттеріне, сондай-ақ әрбір адамның тандаған даму жолына өзара құрметпен қарауына жол беретінін» растайды. өз елдерінің нақты жағдайларын есепке ала отырып, жүргізіліп жатқан реформалар саясатымен және тәжірибесімен өзара танысады ... »[5; 108б].

Мұнда біз екі жаққа да, Қазақстан Республикасына да, ҚХР-ға да қауіпті сепаратизмді тану олардың аумағында сепаратистік қызметке жол бермейтінін көріп отырмыз. Әрине, мұндай мәлімдеме қытайлық тарап үшін пайдалы деп санауға болады, алайда, біздің ойымызша, бұл келісімдер өзара тиімді деп санауға тиіс. ҚХР ШҰАА сепаратистік үрдістерінің пайда болуы және одан әрі жандануы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, өйткені олар республиканың аймақтарына таралуы мүмкін. Гипотетикалық тұрғыда қарасақ ұлттық азшылықтардың көпшілігін құрайтын Синьцзяндағы жағдайды көріп, бұл жағдай сияқты Қазақстанның орыс ұлты да шығу туралы плебисцит ұйымдастыра алады деп болжауға болады. Ресей Федерациясының белгілі саяси топтарының мұндай сезімдерді қолдайтынын бәрі біледі. Өздеріңіз білетіндей, қақтығыстар бір аймақтан екіншісіне оңай ауысады, елдегі ішкі саяси жағдайды бұзады және түпкілікті талдауда тәртіпсіздіктерге әкеледі.

Сепаратизмге қарсы күрестегі келесі қадам - Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде «Шанхай ынтымақтастық ұйымы терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы» келісімге қол қойды.

Конвенцияның кіріспесінде: «терроризм, сепаратизм және экстремизм халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға және адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға қауіп төндіретінін мойындай отырып; Осы құбылыстар Тараптардың аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне, сондай-ақ олардың саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына елеулі қатер төндіретінін мойындай отырып; Терроризм, сепаратизм және экстремизм осы Конвенцияда айқындалғандай, олардың себептеріне қарамастан, кез келген жағдайда негізделе алмайды және мұндай әрекеттерге кінәлі адамдар әділ сотқа жеткізілуі керек заңға сәйкес заң алдына келуі тиіс; Тараптардың осы Конвенцияның шеңберінде бірлескен күш-жігері терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестің тиімді түрі болып табылатынына сенімді бола отырып, төмендегілер туралы келісті: «Сепаратизм» - мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған, оның ішінде оның мемлекеттің ыдырауын жүзеге асыратын , мемлекет аумағының бір бөлігін бөліп беру немесе күшейтілген құралдармен жасалған, сондай-ақ осындай әрекетті жоспарлау және дайындау, оның комиссияға қатысуы , оған итермелеу »[6; 529 б].

Осылайша, Қазақстан Республикасында «ұйғырлы мәселе» екі облыста қарастырылған деген қорытындыға келуге болады. Біріншіден, республиканың ұйғыр диаспорасының өкілдері көңіл-күймен және ескертумен Қытайдың Шыңжаңдағы басқа тайпаларының өміріне қатысты жағдайды білдіреді. Олардың ең белсенді бөлігі әлемнің ұйғырларының көпшілігінің өз мемлекеті - ұйғыр немесе шығыс Түркістан болуы туралы ұмтылысын білдіреді.

Екіншіден, «Ұйғыр мәселесі» деп аталатын мәселе қазақстандық биліктің ұйғыр диаспорасының өкілдерінің құқықтары мен заңды мүдделерін және республика аумағында ұлттық және мәдени сәйкестігін сақтау және дамыту шарттарын сақтауды қамтамасыз етуді қарастырады.

Біздің ойымызша, сепаратизм екіжақты және аймақтық ынтымақтастықты дамытуға кері әсерін тигізеді, бұл тұрақсыздықтың тағы бір көзі. Сепаратизм шешілмеген әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерден туындайды. Сепаратизм пайда болуының ең жақсы жағдайлары үкіметтің қоғамды нығайта алатын күші айтарлықтай төмендеген кезде пайда болуы.

Қытаймен қарым-қатынастардағы жағымсыз оқиғалардың алдын алу үшін Қазақстан Республикасы ұзақ уақыт «ұйғыр мәселесінен» алыстап кетуге тырысып келеді. Сонымен қатар, Астана екі жақты және көп жақты келісімдердің, оның ішінде ШЫҰ-ның аясында ШҰАА-да сепаратизм көрінісін қолдауына да емес, сонымен қатар қытайлық билікке қарсы күресте жүргізілген сепаратизмдік актілерге қарсы көмек көрсету туралы ресми міндеттемелерге ие.

Алайда аймақтағы шиеленістің ушығуы ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Синьцзянның аумағы үлкен қазақ диаспорасы тұрып жатқанына және сәйкесінше, ШҰАА-да тұратын этникалық қазақтар үшін теріс салдары болуы маңызды фактор болып табылады. Демек, белгілі бір жағдайларда Қазақстан үшін қаралатын оқиғалар тек «ұйғыр мәселесі» шеңберінен шығуы мүмкін деп есептеуге болады.[7]

Қорытындылай келе халықаралық қатынастардағы сепаратизмнің орны мен рөлін талдау халықаралық қарым-қатынас теориясы бұл жағдайда кездесетін негізгі мәселелердің бірі - қосарлы стандарттардың саясаты болып табылады. Этникалық қақтығыстар әлемдік аренада мүдделердің соқтығысуы болып табылады, бұл халықаралық және, атап айтқанда, аймақтық қауіпсіздікке елеулі қатер төндіреді.

Қытайдағы ұйғырлар мәселесі Ресейдегі шешендер, Испаниядағы баскілер, Түркиядағы күрттер, Солтүстік Ирландиядағы ирландықтар мәселесімен барабар. Әрине, әр елдегі жағдай әртүрлі. Бірақ, шағын халықтардың көксеген арманы біреу ғана, ол — тәуелсіздік.

Кез-келген халық немесе этникалық топтардың тәуелсіздікке деген ұмтылысы қалыпты жағдай болып табылады. Бірақта ол мәселені шешуде сепаратизм немесе экстремистік іс-әрекеттердің орын алмауы маңызды. Өйткені сепаратистік іс-әрекеттер ол қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуын тежеп қана қоймай, қоғамның тұрақсыз болуына әкеп соғады. Және де террористік актілерді қолдану арқылы әлемдік қауымдастықтың назарын өзіне аудару утопиялық көзқарас болып табылады. Бірақта мәселені шешу жолы бұл емес.

Шыңжаңдағы ұйғыр сепаратизмі айқын этникалық және діни сипатқа ие, оның таралу аймағы ШҰАА аумағына ғана шектелмейді және Орталық Азиядағы мемлекетаралық қақтығыстардың әлеуетті шабуылдарының бірі болып табылады. Жағдайдың күрделілігі - аймақ негізінен екі елдің шекаралас - Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының аумақтарында орналасқан.

Осыдан «сепаратизмге қарсы күресті күшейту» қажеттілігі туралы қорытынды жасай келе, бұл постулаттарды болашақта негізге ала отырып сепаратизммен күресуге болады.

- біріктіріп, көпшілікке сенім арту. Синьцзян халқының этникалық құрылымы бірлікке, этникалық сепаратизм, азшылықты жүргізетін адамдарға ықпал етеді. Этникалық сепаратистер Исламды пайдаланады, алайда Синьцзян - көпконфессиялы аймақ;
- Ішкі түрде біріктіріп, сыртқа шашырату. Барлық жетекші кадрлар, әсіресе кадрлар уездік деңгейде және жоғарыда олардың қарым-қатынаста түбінен оларды жоюға түбегейлі шаралар қабылдауға, отандық және шетелдік реакциялық күштердің деструктивті қызметке қатысты қырағы болып қалуы тиіс;
- Заңды қатаң сақтау;
- Сепаратизммен күресу кезінде қолданылған жарты шараны радикализммен біріктіру. Біріншіден, этникалық сепаратизммен қарым-қатынаста жарты шараны қолдану керек, содан кейін радикалды. Этносаралық сепаратистердің деструктивті қызметі шешуші түрде шешілуі тиіс. Ең бастысы, өңірлер қатарында және белгілі бір жағдайларда орын алатын этникалық сепаратизмді халықтың ойлар мен ойлардан арылту керек;
- қолданыстағы заңнаманың ережелеріне негізделген, діни қызметті басқаруды күшейту;

- Батыста сепаратистік қозғалыстарға қарсы жедел жауап беру бөлімін құру; Яғни осы принциптерді жүзеге асыру арқылы, ҚХР-да сепаратизм дәрежесі төмендейді деген үміттемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сыроежкин К.Л. Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии. — Алма-аты, 2003 <https://365info.kz/2015/11/sintzyanda-y-separatizm-aza-stan-shin-ta-y-bir-auiip/>
2. Абен Е.М., Карин Е.Т. Национал-сепаратистские тенденции в СУАР КНР и проблема безопасности Центральноазиатского региона // Центральная Азия и Кавказ. — 1999. — № 3 // ca-c.org/journal/cac-04-1999/st_15_aben.shtml
3. Докладная записка «Об образовании в составе Каз. ССР Уйгурской автономной области» // icas.org/AIBOLIT/publ_Vtr_pr6.htm
5. «Совместная декларация Республики Казахстан и Китайской Народной Республики» от 5 июля 1996 г. / Сб. документов по международному праву. Т. 1 / Под общ. ред. К.К. Токаева; Сост. М.М. Атанов, Ж.О. Ибрашев, А.С. Ауталипова и др. — Алматы, 1998. — 576 б.
6. «Совместная декларация Республики Казахстан и Китайской Народной Республики» 1997 г. // Сб. документов по международному праву. Т. 1 Под общ. ред. К.К. Токаева; Сост. М.М. Атанов, Ж.О. Ибрашев, А.С. Ауталипова и др. — Алматы, 1998. — 576 б.
7. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15 июня 2001 г. (Закон РК от 18.04.02 г. № 316-II) // Дипломатическая 9Абен Е.М., Карин Е.Т. Национал-сепаратистские тенденции в СУАР КНР и
1. служба Республики Казахстан: Учеб. пособие / Под общ. ред. К.К. Токаева. — Алматы, Дом печати «Эдельвейс». — 2004. — 544 с.
8. Мухлисов Модан. Движение за освобождение Уйгурстана.- Центральная Азия, 1997, №4, б.87.

УДК: 338 (510) Ч-56

ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КИТАЯ И КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ «ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОЯСА ШЕЛКОВОГО ПУТИ»

Чжан Пэн

Докторант Ташкентского государственного института востоковедения,
Узбекистан

Научный руководитель – д.и.н., профессор Н.Э. Каримова

«Один пояс – один путь» – выдвинутая Китаем инициатива объединённых проектов создания «Экономического пояса Шёлкового пути» и «Морского Шёлкового пути XXI века» была впервые озвучена в Казахстане 7 сентября 2013 года во время выступления председателя КНР Си Цзиньпина в Назарбаев-Университете, что вызвало большой интерес у мирового сообщества [1].

В рамках «Экономического пояса Шелкового пути» Китай и страны Центральной Азии уже тесно связаны трансасиатским трубопроводом. Этот трубопровод позволит КНР